Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін материалдық-техникалық қамтамасыз ету жүйесін жетілдіру жөніндегі шаралар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1994 жылғы 28 маусым N 1775 . Күші жойылды - ҚР Президентінің 2006.01.09. N 1696 жарлығымен.

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін материалдық-техникалық ресурстармен қамтамасыз етуді жақсартуға және қорғаныс кешенін дамытуға бағытталған Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік кеңесінің ұсынысын орындай отырып, қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасының ұзақ мерзімді қорғаныс бағдарламаларын қалыптастыру мен орындау тұжырымдамасы және Қорғаныс өнеркәсібін дамытудың ұзақ мерзімді кезеңге арналған тұжырымдамасы бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті:

1994 жылғы 1 тамызға дейін:

мемлекеттік қорғаныс тапсырысын материалдық, қаржылық-кредиттік және құқықтық қамтамасыз ету мәселесін қарасын;

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, Республика ұланының әскери қызметшілерін, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі ішкі әскерлерінің және басқа арнаулы әскери құрамаларының қатардағы, басшы құрамдағы адамдарын, әскери қызметшілерін материалдық ресурстармен жабдықтау нормаларын бекітсін;

1994 жылғы 1 қыркүйекке дейін:

Қазақстан Республикасының қорғаныс өнеркәсібін дамытудың ұзақ мерзімді кезеңге арналған бағдарламасын табыс етсін.

3. Қазақстан Республикасының Премьер-министрі өндірісті үйлестіру және жыл бойына бекітілген мемлекеттік қорғаныс тапсырысы шеңберінде мемлекеттік тапсырыс берушілерді отандық, импорттық өндірістің материалдық ресурстарының барлық түрлерімен қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанынан Қорғаныс өнеркәсібі жөніндегі комитет құру туралы ұсыныс енгізсін.

Қазақстан Республикасының Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК